

8D02301-Қазақ филологиясы білім беру бағдарламасының докторантты Испандиярова Айнур Тюлюгеновнаның «Қазақ халық лирикасының лингвофольклортанулық аспектісі» атты докторлық диссертациясына

ПКІР

«Қазақ халық лирикасының лингвофольклортанулық аспектісі» атты докторлық диссертациясы кіріспеден, екі бөлімнен, бөлімшелерден, қорытындыдан және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Зерттеуші зерттеу жұмысын жазу барысында А. Сейдімбек, С.Қасқабасов, Б.Уақатов, В фон Гумбольд, В.Маслова, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Э.Оразалинова, Қ.Жаманбаева, Б.Тілеубердиев, Г.Гиздатов, Б.Нұрдаuletова, Г.Смағұлова, Т.Күштаева т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алған.

Ғылыми жұмыстың авторы қазақ халық лирикасының лингвофольклорлық қырларынан мысалдар теріп, осыған тақырыптық концептілік таным білімдерін арнайы жинақтап, түрлі ақпараттармен байытып, ұсынып отырды. Автор тақырыптық концептілік таным түрлерін тіл арқылы жеткіздіруді жолға қойған. Зерттеу жұмысында талданған концептілік бірліктер білім алушылардың қазақ фольклорындағы лексикалық концептілеріне деген қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың басты мәселесі, біріншіден, санада тілге дейінгі бейнеленген дүниелердің ішкі мәнін түсіндірудің әдіс-тәсілдерін қарастыру, екіншіден, логикалық-позитивтік және эстетикалық таным-білімнің реттелген, жүйеленген, өндеуден өткен ақпаратты тіл арқылы іздел айқындау екеніне автор баса назар аудартқан. Бұл мәселе жан-жақты зерттеуді қажет ететіні ескерілген. Осыған орай, тіл арқылы көрініс тапқан санадағы дүниелер бейнесін анықтау, әлемдік тіл білімінде үлкен бағытқа айналғаны бұл жұмыстың қазіргі таңдағы өзектілігін көрсетеді.

Жұмыста қара және өлең деген сөздердің этимологиясы қазақ халқының ұлттық дүниетанымы негізінде талданды. «Қара» сөзінің ескі», “көне” және “қасиетті” өлең деген ұғымдарды білдіретіні анықталды. “Қара өлең” дегеніміз – ескі, қасиетті өлең деген мағынаны білдіреді деген қорытынды жасалған. Сондай-ақ қара өлең мәтінінің тақырыптық- стильдік ерекшеліктері анықталған.

Гипербола философиялық, психологиялық, эстетикалық, лингвистикалық және басқа факторларды ескере отырып, көп қырлы, көпфункциялды стилистикалық әдіс ретінде қарастырылған. Әсірелеу өмір, жасаман, жақсы, тұган жер, табигат, соғыс, өлім, кәрілік, жастық т.б. тақырыптарды қамтыған. Оларды талдау барысында концептілік құрылымдары да анықталды. Сонымен қатар, жұмыста суреттеу әдісі де кеңінен қолданылған. Қайталау тәсілі арқылы жасалған суреттеулерге де

талдау жасалынды. *Батыр, заман, түгән жер, табигат, соғыс т.б.* тақырыптарындағы суреттеу әдісі мол көрініс тапқан. Кейіпкерді суреттеу кезінде өркөкіректік, менмендік, тәкаппарлық сияқты жағымсыз және адалдық, ерлік, әділдік, қайсарлық сияқты жағымды мінездері ашық бейнеленген.

Зерттеу жұмысында қазақ халық лирикасы мәтенінде танылған концептілердің ерекшелігін ескере отырып, мынадай қағидалар ұсынылған: концепт дүние құндылықтарын танытады; санадағы ұғымды бейнелейді; ұлттық мәдени болмысы мен менталитетін көрсетеді; әрбір ұлттың танымдық стилін танытады.

Зерттеуші қазақ халық лирикасындағы *өмір, өлең, бақыт, дала, батыр, маҳаббат, туыстық, жаман, жақсы* концептілеріне талдау жасаған. Қазақ халқының ұлттық менталитеті мен ұлттық танымын көрсететін концептілері жинақталып, сәтті талданған. Мәтін тіліне жасалған концептілік талдау халықтың болмысы мен тұрмыс-тіршілігіндегі *өмір, өлең, бақыт, дала, батыр, маҳаббат, туыстық, жаман, жақсы* ұғымдарының көрінісін айқындаپ беруге қызмет еткеніне дәлелдер келтірілген. Сондай-ақ, концептілерді талдау барысында фрейм, ойсурет, схема және сценарийлік құрылымдар, стереотиптік бірліктер айқындалды.

Зерттеу жұмысында қара өлеңдер жинағындағы «өмір» концептісі қоғамдық санасы «белгісіздік», «шекер дүние», «шолақ өмір» тіркестерімен бейнеленген сол замандағы түсініктер мен ассоциацияларды көрсеткен. Зерттеуші жинақталған фреймдік құрылымтар арқылы қара өлеңдердің халықтық тәжірибе арқылы қалыптасқан, негізінен мазмұндық жағынан қоғамдық қызмет атқарушы деген қорытынды жасаған. Сондай ақ, дала концептісінің мәнін ашатын *жердің құтты, құтты қоныс мекен, қара орын т.б.* стереотиптік бірліктер арқылы танылғаны қарастырылған. Дала концептісінің фреймдік құрылымы *елсіз жер, қу дала, қайран жерім, дала-табигат, жайлы мекен, дала-саяныш, кең жайлай, сары дала, ту көтерген ел* арқылы берілген.

Қара өлеңдер, тарихи жырлардағы, ән өлеңдердегі метафизикалық концептілердің құрылымдық жүйесінің тілдік бейнесі жан-жақты қарастырылып, жинақталған фреймдік құрылымтар халық лирикасының халықтық тәжірибе арқылы қалыптасқандығын, негізінен мазмұндық жағынан қоғамдық қызмет атқарушы екендігін дәлелдеуге септігін тигізді.

Олардың барлығы өзіндік жақсы бағыттағы тәрбиелік қызметтер атқарады. Сонымен қатар, дала концептісін құрайтын фреймдік қатар арқылы қазақ халқының тыныс-тіршілігін, мінез-құлқын, болмысын анықтай алдық.

Зерттеу жұмысты жазу барысында салыстырмалы талдау, сипаттама, концептілік талдау, жинақтау және оны түсіндіру, бақылау, аналитикалық әдістері қолданылылған.

Жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен пайымдаулар, алынған нәтижелер қазақ халық ауыз әдебиеті, қазақ тіл біліміндегі когнитивтік

зерттеудің ғылыми-теориялық ұстанымдарын айқындауға үлесін қосады. Сондай-ақ, жұмыстың нәтижелерін жоғары оқу орындарында «Әдебиет теориясы», «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Когнитивтік лингвистика», «Стилистика және тіл мәдениеті» пәндерінен дәріс беруде пайдалануға болады.

Испандиярова Айнур Тюлюгеновнаның «Қазақ халық лирикасының лингвофольклортанулық аспектісі» тақырыбындағы PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін арналған диссертациясын аяқталған және жұмысты қорғауға ұсынуға болады деген пікірдемін.

А.Б. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай əмпирік университеті
Филология және практикалық лингвистика
кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы

Әбсадық А.А.



Подпись Әбсадық А.А.
заверяю.
Дж. А. Абисекен
(подпись)
инспектор ОУД
(должность, ФИО)